

Жүзден – жүйрік,
мыңнан тұлпар
атанды
2-бет



Халықтың
қалаулылары
сенімді ақтайды
4-5-бет



Б.Жүнісов,
Алтын жүрек
6-бет



1931 жылдың 4 қазанынан
бастап шығады

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 14 ЖЕЛТОҚСАН, 2023 ЖЫЛ №140 (23 316)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• БӘРЕКЕЛДІ!

«Алтын сапада» ат оздырды

Отандық өнімнің сапасын арттыруға үлес қосып жүрген қарағандылық кәсіпорындар Президенттің «Алтын сапа» сыйлығымен марапатталды. Саран қаласындағы «А. V. Group» және «JAKKO Қарағанды» зауыты республикалық байқаудың жеңімпазы атанды. Мемлекет басшысы лауреаттарға ел экономикасына қосқан үлесі үшін ризашылығын білдірді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Баршаңызды «Алтын сапа», «Парыз», «Қазақстанның үздік тауары» байқауларының өз мәресіне жетуімен құттықтаймын! Біз жыл сайын осы салтанатты жиында ел дамуына елеулі үлес қосқан кәсіпкерлерге құрмет көрсетеміз. Бұл – талай жылдан бері жақсы дәстүрге айналған маңызды іс-шара. Қазір Қазақстанда бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бұған мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып жатыр. Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 36 пайыздан асты. Бұл – шын мәнінде, жоғары көрсеткіш. Осы салада жұмыс істейтін адамдардың саны 4,3 миллионға жетті. Яғни еңбекке жарамды азаматтардың 45 пайызы деген сөз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Биыл байқауға қатысуға республика бойынша 2200-ден астам компания өтінім берген. Солардың арасынан отандық өнімнің сапасын арттыра отырып, өнім қауіпсіздігін сақтаған, өнімнің тұтынушылық тиімділігін берік ұстанған кәсіпорындар таңдалды. Салтанатты шарада қарағандылық «А. V. Group» «Халыққа арналған үздік тауарлар» аталымының иегері атанса, пластикалық құбырлар шығаратын «Жакко Қарағанды» зауытына «Іскер» арнайы сыйлығы табысталды.

Қарағандыдағы кәсіпкерлер палатасының хабарлауынша, сыйлық өнімін жетілдіруге және оның сапасын үнемі жақсартуға ұмтылатын компанияларға берілді. «А. V. Group» кәсіпорны қазіргі таңда арнайы киім және басқа да тігін бұйымдарын, жиһаздарды, полиграфиялық өнімдерді шығарады. Биыл ашылғанына 10 жыл толған кәсіпорын бүгінде 150-ге жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Оқу орталығында жас мамандарды оқытып, полиграфиялық өнімдер шығаратын цех ашқан.

– Тұтынушыларымыздың арасында «Қазақстан темір жолы», «Қазпошта», «Самұрық Энерджи», «KEGOC» сияқты



Сурет: облыс әкімінің сапашыны

ірі компаниялар бар. Күзет компанияларына пуловерлер, күртешелер, бас киімдер, формалар тігеміз. Біз заман ағымына ілесуге ұмтыламыз, заманауи құрал-жабдықтар мен мінсіз шикізатты пайдаланамыз, – дейді «А. V. Group» ЖШС бас директоры Владимир Алексеров.

Ал, «Іскер» сыйлығының иегері «JAKKO Қарағанды» зауыты «JAKKO» брендімен инженерлік желілерге арналған пластикалық құбырлар мен фитингтерді өндіреді. Отандық нарықта 22

жыл жұмыс істейтін кәсіпорында мыңнан астам тауар түрлері бар. Зауытта жылына өндірілетін 12 мың тонна өнімді Ресей, Тәжікстан, Ауғанстан және Қырғызстандағы 1000-нан астам дилерлер сәтті сатады. Сондай-ақ, кәсіпорынның Қазақстан, Қырғызстан және Ресейде 40-тан астам Almatheum сантехника дүкендері бар. 2018 жылы Новосибирск қаласында екінші зауыт іске қосылған. Келер жылы Ақтөбеде үшінші зауыт жұмысын бастайды.

– Соңғы бес жылда зауыт пластика-

лық құбырлар мен фитингтерді өндіруге жетекші кәсіпорынға айналды. Үнемі өндірісті жаңғыртумен, қызметкерлердің кәсібилігін арттырамыз. Жұмысымыздың бағаланғаны өте маңызды. Сыйлықты иелену одан әрі өсуге және дамуға түрткі бо-

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

«Яндекстің» жастарға тартуы

«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ «Яндекс Қазақстанмен» онлайн-оқытуды дамыту бойынша бірлескен жұмысты бастады. Соның нәтижесінде Skills Enbek платформасында қолжетімді курстар саны артады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің хабарлауынша, курстар IT саласында өз мансабын бастағысы келетіндерге және сұранысқа ие бағдарламалау тілі негіздерімен танысқысы келетіндерге арналған. Курста студенттер backend-әзірлеу жайлы көбірек біледі және Python-да код жазуды бастай алады.

Skills Enbek-те қазіргі кезде әртүрлі бағыттар бойынша 269 курс болса, оның 209-ы тегін. Бүгінгі таңда пайдаланушылар саны 350 мың адамнан асқан. 292 мың адам оқуды сәтті аяқтап, сертификат алды.

Ынтымақтастық ел азаматтарына қосымша мүмкіндіктер беруге және IT саласында жаңа дағдыларды игеру үшін қолжетімді курстар базасын кеңейтуге бағытталған. Қазірдің өзінде қолжетімді материалдардың ішінде «Python әзірлеу негіздері» тегін курсы бар.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Газетке 2024 жылға
жазылу жүріп жатыр.

Жазылуды «Қазпошта» АҚ
пошта байланысының бөлімшелерінде,
сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй,
8-қабат мекенжайы бойынша
редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті
редакциясында баспа бағасы бойынша
(жеткізу қызметтерінің құнысыз)
балама жазылу жүргізіледі.

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5827,65	5891,70
		12 ай	11655,30	11783,40
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4116	6 ай	3079,65	3083,70
		12 ай	6159,30	6167,40

Анықтама телефоны:

41-26-85,

8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

• БРИФИНГ

Монополия – мән берерлік мәселе

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Қымбат Бейсенов Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында осылай деді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКУЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде салалық департамент 104 табиғи монополия субъектілерінің қызметін қалтқысыз бақылайды. Бастысы, белгіленген өкілетіне сәйкес, департамент жыл сайын тиісті кәсіпорындардың тарифтік сметаларының нақты орындалуына тексеру амалдарын іске асырады. Ал, бұл – коммуналдық қызметтер бөлігінде инфляциялық процестерді тежеу жөніндегі маңызды тетіктердің бірі.

Осы жылдың 11 айында департамент 2022 жылғы тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы есептерді қарау нәтижелері бойынша жалпы сомасы 646,2 млн. теңгеге 33 табиғи монополиялар субъектісіне уақытша өтемдік тарифін енгізген.

Сондай-ақ, жоспардан тыс 11 тексеру амалы жүргізіліп, оның сегізі тексеру қорытындысы негізінде «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы талаптарының бұзылуына жол берген. Нәтижесінде 27 әкімшілік іс қозғалып, жалпы сомасы 37 764 100 теңге көлемінде бес қаулы мен 22 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылған.

– Атап көрсетер болсақ, монополия өкілдерінің кейбір кезде тарифті жосықсыз көтеруімен қатар, мойнына алған қызметтік міндеттеріне салғырт қарауы себеп болған. Мемлекеттік сатып алу үдерісінде де бірқатар кемшілік бар. Бар болғаны



біз «мынауыңыз жөн екен, мынауыңыз кем екен» қағидаты бойынша ескерту амалы мен тиісті жерінде қатаң шара қолдануға да тура келеді, – деді спикер.

Осы арада нақтылай кеткен ләзім, монополи-

стердің тарифтік сметалар мен инвестициялық бағдарламалардың орындалуын бақылау мақсатында салалық департамент қызметкерлері, халықпен кері байланыс орнату үшін қоғамдық қабылдаулар легін өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне де тоғыз баспасөз туры өткізген.

«Инвестицияға айырбас тарифі» атты бағдарлама электр энергиясын өндіруді дамытуға ғана емес, барлық коммуналдық қызметтерді тарифті қалыптастырудағы жаңа тәсілдер негізінде тұтынушы мүддесін қамтамасыз етудің басты постулаты – негізделген бағамен сапалы қызмет көрсетуді көздейді. Бағдарлама міндеті меншікті қаражат немесе бюджеттік қаржыландыру есебінен қосымша инвестиция жолымен 2029 жылға қарай желі мен жабдық тозуын кемінде 15%-ға төмендету.

Журналистердің «Негізінде бұл жүйе айналып келгенде қарапайым халықтың есебінен жүзеге асады ғой» деген уәжіне спикер «Иә, өйткені монополисті кәсіпорындардың тұтынушылардан өзге табыс көзі жоқтығына» назар аударды.

Қазірдің өзінде тарифті кезең-кезеңімен өсіруге 17 өтінім қабылданды. Онда жұмыстарын ұлғайту желі мен арнаулы жабдықты тозуын барынша төмендету мақсатында жалпы сомасы 19 млрд. 380 млн. теңге, оның ішінде, тариф есебінен 15 млрд. 874 млн. теңге, бюджет есебінен 3 млрд. теңге бөлінді. Әлбетте, жосықсыз тариф текетіресін тудырмау үшін бұл бағдарламаның тиімділігіне сөз жоқ. Бастысы – көрсетілген көрсеткіштер легін ойдағыдай орындап, діндеген межеге табан тіреу. Өйткені, желілердің тозуы ертеңгі күні айтып келмес апатқа ұласуы ықтимал, – деп түйінделді сөзін Қымбат Серікулы.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 492.68

• USD/KZT 456.52

• RUB/KZT 5.06

• CNY/KZT 63.62

Қазақстан Ұлттық Банкінің
13 желтоқсан, 2023 жылғы дерегі бойынша



• «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

Ел күткен емдеу орны

Абай ауданындағы Юбилейное ауылының халқы бұған дейін салынғанына елу жылдан асқан ескі де тар ғимаратта ем-дом алып жүретін. Енді Тәуелсіздік күні мерекесінің қарсаңында осы елді мекенде тұратын 1093 адамға медициналық қызмет көрсететін заманауи жана фельдшерлік-акушерлік пункт іске қосылды.

ERJAN IMASH,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында бой көтерген әсем ғимараттың іші кең және қажетті құрал-жабдықтармен толық жарақтандырылған. Атап айтқанда, химизатор мен фельдшердің егу, қарау кабинеттері, киім ауыстыратын, шешініп, жуынатын бөлмелері бар. Бұл кабинеттер алғашқы медициналық көмек көрсету, тұрғындарды иммундау, талдау сынақтарын алу үшін керек-жарақпен қамтамасыз етілген.

– ФАП бір ауысымда 10 емделушіні қабылдауға есептелінген. Олар бұл жерде дәрігерге дейінгі және алғашқы медициналық-санитарлық көмек алады. Халыққа фельдшер, акушер, медбике, сондай-ақ, жалпы практика дәрігері қызмет көрсетеді, – дейді Абай аудандық ауруханасының директоры Айгүл Бәшекбаева.



Ғимараттың жиназдары жаңартылып, мүмкіндігі шектеулі жан-дарға ыңғайлы болу үшін пандус, шақыру түймесі мен қозғалыс индикаторы орнатылыпты.

Бұл игі іс мұнымен тоқтап қалмайды. Алдағы жылдары Абай ауданының елді мекендерінде «Ауылдық денсаулықты жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша тағы

сегіз медициналық мекеме салу жоспарланған.

Юбилейное ауылында ФАП ашылуына жиналған жұртты Абай ауданының әкімі Сәбит Оспанов пен облыстың денсаулық сақтау

басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова құттықтап, жаңа медициналық мекемені аралап көрді.

Абай ауданы

• БАЙҚАУ

Жүзден – жүйрік, мыңнан тұлпар атанды

Білім саласына көңіл бөлініп, мұғалімдердің мәртебесі артып келеді. Ал, ұстаздардың қоғамдағы алатын орны мен белсенділігі қашан да жоғары. Қарағанды облысында жылдың үздік мұғалімдерін анықтаған байқау сөзімізге дәлел. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған Ақтоғай ауданының 28 жастағы Елдос Жанбырбай Шашубай кентіндегі мектепте география пәнінен сабақ береді.

Педагог-модератор оқушыларға өз пәнінің қыр-сырын үйретіп қана қоймай, оларды әртүрлі экологиялық акцияларға бастап барады. «Қызықты география» жобалық қызметі арқылы ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі. Оқушыларымен бірге туған өлкесінің табиғаты, географиялық ерекшеліктері туралы танымдық бейнежазбалар түсіріп, жалпы Қазақстан туралы ақпарат береді.

– «Жыл мұғалімі» байқауына алғаш рет қатыстым. Бас жүлдеге қол жеткізу оңай болған жоқ. Барлық қатысушы лайықты еді. Ақтық сынға шықпас бұрын аудандық кезеңнен өттік. Финалдық турда сабақтан тыс уақытты қалай өткізетінімізді көрсеттік. Сонымен қатар, мүлдем бейтаныс балалармен ашық сабақ өткіздім. Дарынды балаларға арналған «Дарын» облыстық мамандандырылған мектебінің балаларымен жұмыс істедім. Сондай-ақ, визит картасын дайындап, өзіндік таныстырып, қазылар алқасының сұрақтарына жауап беріп, үй тапсырмасын дайындадық, – дейді Елдос Жанбырбай.

Бір ерекшелігі, Елдос үй тапсы-



рмасын театрландыру арқылы орындағанды. Бірнеше минут ішінде ол актерлік қабілетін пайдаланып, қазылар алқасын өзінің бір күнімен таныстырды.

Бұл тапсырмаларды басқа қатысушылар да орындады. Финалда тоғыз педагог кездесті.

Ал, арнайы сыйлық – Рамазан

Төребеков атындағы грантка Бұқар жырау ауданы Ю.Гагарин атындағы жалпы білім беретін мектептің математика пәнінің мұғалімі Ербол Айболат ие болды.

Бірінші орын биігінен облыстық «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернатының химия пәні мұғалімі Сәліман Шибеева көрін-

ді. Екінші және үшінші орындарды Осакаров ауданының №9 гимназиясы базасындағы тірек мектебінің (Ресурстық орталықтың) орыс

тілі мен әдебиеті мұғалімі Нұрия Доминова мен Шет ауданы Ы.Алтынсарин атындағы Тірек мектебі (ресурстық орталығы) жанындағы интернаттың ағылшын тілі мұғалімі Арайлым Әлімқұлова иеленді.

Қалған қатысушылар арнайы аталымдармен марапатталды.

Өз тілшімізден

• ДЕНСАУЛЫҚ

Қызылша қаупі сейілген жоқ

Кешегі күнгі дерек бойынша аймақта 787 адам қызылша жұқтырған болуы мүмкін. Зертханалық расталғаны – 571. Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті тартқан мәліметке сүйенсек, ауру қазан-қараша айларында күрт өскен.

JANSAJA OMARBEBEK,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен айда ауырғандардың қатары қазанмен салыстырғанда 3,5 есе көп. Бұл қызылшаны күніне 10-12 адам жұқтырғанын көрсетеді. Ауруды жұқтырғандардың жас құрамында 14 жасқа дейінгі балалар басым. Олардың үлесі – 71%. Оның ішінде, жартысы

1-4 жас аралығындағы балалар екенін атап айту керек.

Департамент мамандарының айтуынша, қызылшаның таралуы екіп алмаған балалар арасында жиі кездеседі. Бүгінгі таңда 56 мектепке дейінгі балалар ұйымында қызылшамен ауырған 122 бала, 76 жалпы білім беретін мектепте 146 оқушы тіркелді.

– Балалардың аурушандығы

негізінен, вакцинациядан бас тарту, сондай-ақ, екпеге қарсы медициналық көрсетілмедіне және екпе салу жасына жетпеу себебінен вакцинацияланбағандар арасында тіркеліп отыр.

Елдегі және облыстағы қызылша бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, ата-аналардан қызылшаға қарсы екпеден бас тартпауды сұраймыз,

– дейді департамент басшысының орынбасары Гүлжан Байгутанова.

Қазіргі уақытта бес жасқа дейінгі балалар арасында қызылшаға қарсы қосымша иммундау басталғалы облыста 11 816 бала екпе алды.

Денсаулық сақтау министрлігінің қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының мәліметіне сәйкес, елде қызылша жұқтырғандар саны 20 мыңнан асқан. Өткен аптада ғана 2 546 жағдай тіркелді.

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жастар – елдің ертеңі

Балқашта қала әкімінің «Тіл жанашыры» және «Өркен» жастар сыйлықтарының лауреаттары анықталды. 21 адам түрлі номинация бойынша марапаттарға ие болды.

ERKANAT KENESBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқашта «Тіл жанашыры» байқауы осымен үшінші жыл қатарынан дәстүрлі түрде өткізілді. Быыл оны қоғамдағы мемлекеттік тілдің рөлі мен маңызын арттыруға елеулі үлес қосқан Балқаштың сегіз азаматы алды.

«Тіл білгірі» номинациясындағы атаулы сыйлық Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы Иван Гончаровқа табысталды. 16 жастағы оқушы қазақ тілін жетік біледі. Түрлі тіл байқаулары мен олимпиадаларға белсенді қатысады.

– Мен мемлекеттік тілді бірінші сыныптан үйреніп келемін. Қазір еркін сөйлеймін. Қазақ тілі олимпиадаларының, әрі түрлі конкурстардың бірнеше дүркін жүлдегері де атандым. Өткен жылы Балқаштағы «Жыл оқушысы» номинациясы бойынша «Өркен» сыйлығын да иелендім.

Облыста бірінші орынды, ал байқаудың республикалық кезеңінде екінші орынды иелендім. Қазақ, орыс тілдерінен басқа ағылшын тілін де үйренемін. Тіл білу менің өміріме орасан пайдасын тигізеді. Еліміздің әрбір азаматы тілдерді, әсіресе, мемлекеттік тілді түсінуге ұмтылуы керек деп білемін. Болашақта жапон, неміс және француз тілдерін үйренгім келеді, – дейді Иван Гончаров.

«Жас полиглот» номинациясы бойынша Р.Қошқарбаев атындағы Балқаш техникалық колледжінің тарих пәні мұғалімі Жаннұр Ақашов, «Қазақ тілінің үздік оқытушысы» аталымы бойынша Балқаш сервис колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Әсел Тойғанбаева, «Мемлекеттік қызметтегі мемлекеттік тіл» номинациясы бойынша ішкі саясат бөлімінің сектор меңгерушісі Ақжол Моңғолқан марапатталды.

«Бизнестегі мемлекеттік тіл» номинациясын жеке кәсіпкер Алена Гарусова, «Өндірістегі мемлекеттік тіл» номинациясын «Қазақмыс Смэлтинг» ЖШС

кран машинисі Виталий Бабей, «Тіл хабаршысы» номинациясын «Балқаш өңірі» газетінің тілшісі Еркеназ Бактығоразқызы иеленді. Қаланың Құрметті азаматы Қамза Тынышбаев «Тіл майталманы» номинациясындағы сыйлықты еншіледі.

Қос сыйлық та М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында табысталды.

«Қазақмыс» корпорациясы политехникалық колледжінің 17 жастағы студенті Дарын Нұрғазы «Жылдың жастар қойбасшысы» номинациясы бойынша «Өркен» сыйлығының лауреаты атанды. Ол – еріктілер штабының басшысы, түрлі қайырымдылық акциялардың бастамашысы.

– Еріктілермен бірге Балқашта түрлі акциялар өткіземін. Аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға азық-түлікпен көмектесеміз. Құрбан айт кезінде ет таратамыз, су болмай қалғанда мүгедек адамдарға су жеткіземіз. Сондай-ақ, қаланың түрлі конкурстарына, іс-шараларына қатысамын. Жастардың белсенді азаматтық ұстанымы болуы керек. Өйткені, елдің болашағы бізге тікелей байланысты, – дейді Дарын Нұрғазы.

Жастар сыйлығының лауреаттары болып Бауыржан Рымбай және Жанбатыр Жанғазиев («Жас дарын»), Гаухар Сайлаубек («Жыл спортшысы»), Төлеу Қадыржан («Жас кәсіпкер»), Лияз Қасымов («Жыл патриоты»), Аслан Қуанышбек («Жылдың жас мемлекеттік қызметшісі»), Дана Есіркегінова («Жыл студенті»), Аружан Құрмаш («Жыл мұғалімі»), Тілеубек Ұмбетұлы («Жылдың жас жұмысшысы»), Гаухар Қуанышбаева («Жылдың жас маманы»), Токтар Мұқанов («Кәсібіне адал жас») танылды.

«Алтын жүрек» номинациясына қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан кәсіпкер, меценат Андрей Сокульский ие болды.

• ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ

Тегін такси қызмет көрсетеді

Апта басынан бері кенді өңірде ақшұнақ аяз орнады. Ауа райының қолайсыз уақытында қайырымдылық ретінде тегін такси жолға шықты. Оны облыстық Әнет баба атындағы мешіт ұйымдастырып отыр.

Бұл бастама былтыр да қолға алынған болатын. Мешіт имамдарының айтуынша, қайырымды іске қатысуға ниет білдірушілер баршылық. Хабарлама таратылғаннан кейін бір күнде 33 жүргізуші жолға шығу ықпалы білдірген. Еріктілер қала орталығында, Майқұдық, Пришахтинск, Оңтүстік-Шығыс бөліктерінде аялдамаларда тұрған жолушыларды дйттеген жеріне жеткізеді.

– Тегін такси жұмысы сағат 16.00-ден басталады. Олар халық

көп шоғырланған аялдамалардың жанына тоқтап, жолушыларды қалаған мекенжайына жеткізіп тастайды. Бұл көмек түнгі сағат 22.00-ге дейін және тек қала ішінде екенін ескертеміз. Көліктерде «Тегін такси – қайырымдылық акциясы» деген жазу болады. Шара аяз басылғанша жалғасады, – деді Әнет Баба атындағы облыстық мешіттің хатшысы Жаксылық Мұсаев.

Айтбала СҮЛЕЙМЕНҚЫЗЫ

Құланөтпес интернетке қосылды

Ақпарат дәуірінде интернетсіз өмір сүру қиын. Әсіресе, шалғай ауылдардың тұрғындары үшін. Нұра ауданы, Құланөтпес ауылының 200-ден астам халқы да біраз уақыттан бері ауылға интернет тартуды сұрап келген. Енді, міне, көптен күткен кең жолақты интернетке қол жеткізіп отыр.

Биыл облыстық бюджет есебінен ауылда мұнара орнатылды. Қазір елді мекенде интернет талапқа сай жұмыс істеп тұр.

– Бес балам бар, олардың екеуі елордада оқиды. Жер-көктің бәрі дамып жатқан заманда интернетсіз өте қиын. Балалардың қартасына ақша жіберу немесе олармен сөйлесу үшін Wi-Fi желісіне қосылуға

мектепке немесе әкімдікке баратын едік. Бірақ, бұл ұйымдардағы интернет торабы ел көп қосылғанда оны тартуға күші жетпей қалады. Сондықтан, интернет мұнарасының орнатылуы – үлкен қуаныш. Енді, балаларымызбен үнемі байланыста бола аламыз. Үйден ақша аударымдарын жасап, жаңалықтарды уақытылы білеміз,



– дейді ауыл тұрғыны Азамат Қасымов.

Бұдан бөлек, бір ай бұрын Тікенекті, Талдысай, Баршино және Жанбөбек ауылдарының тұрғындары да интернетке қосылғанын айта кеткен жөн.

Құланөтпес ауылы тұрғындарының көп жылдан бері шешілмей келе жатқан тағы бір мәселесі – сапалы ауыз су. Олар ұзақ уақыт бойы ұңғымалардың суын пайдаланған. Оның сапасы өте нашар. Биыл жаңа ұңғымаларды жабдықтау, тұщыландырығыштарды орнату және үйлер-

ге су құбырын жеткізу бойынша екі жылдық жобаны іске асыру басталған.

– Бүгінде таңда бұл жұмыс 50 пайызға орындалды. Келесі жылы әр үйде су болады. Сонымен қатар, биыл Ақтүбек және Нұрман бөлімшелерінің тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз еттік. Су тарту станциясы бар ұңғыма ауылдарды 2025 жылға дейін таза ауыз сумен қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жабдыкталған. Құланөтпес пен Ақтүбек бөлімшесі арасындағы жол мен Нұрманға апаратын жол да жөнделді, – деді Құланөтпес ауылдық округінің әкімі Ардақ Әбеуов.

Өз тілшімізден

• ТҰСАУКЕСЕР

Асқар тау аласармайды

Қазақ ғылымына өлшеусіз үлес қосқан ғалым әрі әдебиет әлеміне өшпес қолтаңба қалдырған тұлға – Ебней Бөкетовтің өмірден өткеніне 40 жыл өтті. Жылдар тоқтаусыз алға жылжығанымен, тау тұлғаның бейнесі биіктей түседі. Ғалымның өзі іргетасын қалаған оқу ордасы ректордың бай мұрасын, терең тағылымы мен ұлағатын еске алды. Әдебиет жанашырлары «Ғалым. Ректор. Тұлға» деректі фильмінің көпшіліктің назарына ұсынып, жазушы Медеу Сәрсекенің авторлығымен жарық көрген «Біртуар Бөкетов» кітабының тұсаукесерін тамашалады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Деректі фильмде сөз алған Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков ғалым мұрасын келер ұрпаққа жеткізу – парыз екенін еске салды.

– Жылдар өтсе де, Ебней Арыстанұлының бейнесі санамыздан өшпейді. Ғалымның мұрасын жастарға кеңінен насихаттау мақсатында деректі фильм түсірілді. 40 жыл өтсе де, шәкірттері, ұрпақтары өзі іргетасын қалаған оқу орнында жастарды білім нәрімен

сусындатуда, – деді Нұрлан Орлыбасарұлы. Сондай-ақ, «Ғасыр адамы», физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Темірғали Көкетаев ректоры жайлы жылы естелікпен бөлісті.

– Дүние жүзін аралап жүріп, көп ғалымдармен таныстым. Ебней Арыстанұлы секілді ерекше адамды кездестірген жоқпын, – деді Темірғали Әбілдаұлы.

«Біртуар Бөкетов» деректі роман-эссе кітабы Бөкетов университетінің баспаханасынан 1000 данамен басылып шықты. Студент кезінде біртуар ғалымнан дәріс тыңдап, өмірлік тағылым алған шәкірті, инженер-жазушы Медеу

Сәрсекке қаламгердің ғұмыр жолын өзіне мәлім деректер мен алуан оқиғалар арқылы суреттепті.

Шараға сондай-ақ, академиктің немере қарындасы Нұрсұлу Бөкетова қатысты. Замандастары, шәкірттері, етене жақын араласқан таныстары ғалым жайлы жылы естеліктерімен бөлісті. Жынында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын академиктің жас ғалымдарға қалдырған мол мұрасына тоқталды.

– Өткенге үніліп, тарлан тарихты таразылап қарасаң, сол көш көз алдыңнан көлбеңдеп өте береді, кете береді. Бүгінде еске алып отырған аяулы ұстазымыз, қа-



зактың ғұлама ғалымы, қазақтың маңдайына біткен аяулы перзенті Ебней Арыстанұлының өмірден өткеніне тура 40 жыл болған екен. Осындай игі шараға мұрындық болып, деректі, танымдық фильм түсіріп, жағап тарихи кітапты шығарып жатқан университет

басшылығына алғыс білдіреміз, – деді Ерлан Құсайын.

Жынында тоқсанның төріне тақаған жазушы Медеу Сәрсекенің видеосәлемдемесі көпшіліктің назарына ұсынылды. Автор өзі редакциялаған Ебней Бөкетов жайлы деректі роман-эссенің соңғы

нұсқасы еш өзгертусіз басылып шыққанын айтып, университет басшылығына ризашылығын білдірді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АКАДЕМИК Е.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 85 ЖЫЛ

Рух сақшыларының ұстаханасы

КСРО және ҚазКСР Халық комиссарлар кеңесінің 1938 жылдың 9 мамырындағы №454/12 қаулысы негізінде Қарағанды қаласында ашылған екі жылдық мұғалімдер институтымен бірге, филология факультетінің де іргетасы қаланды. Осы мұғалімдер институтының базасында 1952 жылы Педагогика институты, ал 1972 жылы Қазақстандағы екінші университет – Қарағанды мемлекеттік университеті құрылғаны белгілі.

1930 жылдары елдегі саяси-әлеуметтік жағдайларға байланысты Орталық Қазақстанда да кадрларды дайындайтын, сол кездегі идеологияны жүзеге асыратын оқу орнын ашу керек болды. Соның негізінде тарих пен тіл және әдебиет факультеті ашылды. Алғашында кадрлар болмай, ғалымдарды Мәскеу мен Ленинградтан алдырды, сонымен қатар, елімізге өткен ғасырдың 30-ы жылдары саяси қуғындалып келген адамдар жұмыс істей бастады. Алғашында 12 оқытушы, 117 студент болған.

Филология факультетінің дамуына М.Старенков, В.Спасибенко, С.Мамиконян, В.Веденская, Н.Меделец, С.Романовская, К.Тұңғышбаев, Т.Зиборова, Р.Верюгина, А.Тән, Ф.Мейрамов, Х.Жұмабаева, Қ.К.Лекеров, А.Н.Нарешов, Г.И.Ильсцова, Р.Г.Бузинова, Е.П.Цой, А.Чукуев, Ф.Кенжебаева, С.Төлекова, Б.Кеншімбаева, Т.Қордабаев, Х.Нұрмұқанов, Т.Ветренко, М.Смағұлов, З.Жұмағали, Б.Байтанаев, С.Ыбыраев, Ұ.Оспалақова, Т.Савченко, Ш.Токсанбаева, Ж.Бектұров, М.Хамзин, Р.Баяманова, А.Танабаева, М.Пак, Ш.Мажитаева, Ж.Жүнісова, Т.Пірімбетов, Ж.Смағұлов, Ш.Жалмаханов, т.б. ардагерлеріміздің үлесі зор болды.

Әр жылдары факультетті Ф.Мейрамов, Х.Жұмабаева, Х.Нұрмұқанов, З.Жұмағали, М.Смағұлов, Б.Байтанаев, Ш.Токсанбаева, С.Матяш, Ж.Жүнісова, С.Тахан, Қ.Сейтжанов, М.Әбдуов басқарды. 2020 жылдан бастап факультет деканы – ф.ғ.к. қауымдастырылған профессор Е.Түйте.

Университеттің алғашқы ректоры болған академик Евней Арыстанұлы Бөке-



лософия докторын (PhD) даярлайтын 2 диссертациялық кеңес, С.Сейфуллин атындағы Balauza студент-жастардың шығармашылық орталығы жұмыс істейді.

Қазақ тіл білімі кафедраның алғашқы меңгерушісі ф.ғ.к., доцент К.Тұңғышбаев болды. Әр жылдары кафедраға ф.ғ.к., доцент Ф.Кенжебаева, ф.ғ.д., проф. Х.Нұрмұқанов, ф.ғ.к., доцент С.Ыбыраев, ф.ғ.д., проф. Т.Қордабаев, ф.ғ.к., доцент Т.Смайылов, ф.ғ.д., проф. Ж.Жақыпов, ф.ғ.д., проф. Ш.Мажитаева меңгеруші болды. 2020 жылдан бастап кафедраны ф.ғ.к., қауымд. проф. С.Кенжеғалиев басқарып келеді.

Өзінің 85 жылдық тарихында кафедра қаншама білікті, білімді маман, ғылым докторлары мен кандидаттары еңбек етті, атап айтқанда, ф.ғ.д., проф. Ә.Құрыш-

С.Сәменова, Б.Қалиев, Ж.Рапишева, С.Кенжеғалиев, Е.Түйте), 1 магистр (А.Қапанова) еңбек етеді. 2022-2023 оқу жылында 3 магистр докторантураға түсіп, ғылыми ізденісін жалғастыруда. Кафедраның 3 оқытушысы (Ш.Мажитаева, Ш.Жалмаханов, С.Кенжеғалиев) республикалық «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын иеленді.

Ал қазақ әдебиеті кафедрасы 1966 жылы қазақ тіл білімі кафедрасынан бөлініп шыққалы бері жұмыс жасап келе жатыр. Осы кафедранан бөлініп жеке шаңырақ көтерген жаңа ұжымды ф.ғ.к., доцент З.Жұмағалиев басқарды. Әр жылдары кафедраға ф.ғ.к., доцент К.Есбаев, ф.ғ.к., доцент Қ.Лекеров, ф.ғ.д., проф. Б.Кәрібаева, ф.ғ.д., проф. Ж.Смағұлов, ф.ғ.д., проф. Б.Рахимов, ф.ғ.д., проф. М.Хамзин, ф.ғ.д., проф. С.Жұмағұлов, ф.ғ.к., проф. К.Төлеубаева, ф.ғ.д., проф. Ж.Жарылғапов жетекшілік жасады. Қазіргі уақытта кафедра меңгерушілігі қызметін ф.ғ.к., қауымд. проф. С.Такиров атқарып келеді.

Кафедраның алғашқы құрамында ф.ғ.к., доцент А.Нарешов, ф.ғ.к., доцент Қ.Лекеров, доцент М.Смағұлов, аға оқытушылар Ә.Әзиев, С.Жұмабекова секілді білікті мамандар еңбек етті. Қазіргі уақытта кафедрада 4 ф.ғ.д., профессор (Ж.Смағұлов, Б.Рақымов, М.Әбдуов, Ж.Жарылғапов), 5 ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор (С.Такиров, Ж.Рүстемова, А.Бабашов, К.Төлеубаева, А.Жұмағұлов), педагогика ғылымдарының 5 магистрі (Ж.Жұмағалиев, А.Бейсентай, Б.Сыздықова, Ә.Жақұлаев, Қ.Бажикеев) еңбек етеді. Осы уақытқа дейін кафедраның 5 оқытушысы (Ж.Смағұлов, Б.Рақымов, Ж.Жарылғапов, С.Такиров, А.Жұмағұлов) республикалық «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері болды.

Ғасырға жуық тарихы бар филология факультеті қазақ тіл білімі және қазақ әдебиеті кафедралары – бүгінде бакалавриатта 3 білім беру бағдарламасы бойынша (6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті», 6B01702 – «Қазақ және ағылшын тілдері» және 6B02305 – «Филология») мамандар дайындайтын кафедра. Сондай-ақ, жоғары оқу орнынан кейін 7M02302 – «Қолданбалы филология», 7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша магистратурада және 8D02301 – «Филология», 8D01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша докторантурада білімін жалғастыра алады.

Кафедралар Қазақстанның әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Абай ат. ҚазҰПУ, Л.Гумилев ат.

• ЖАС ҚАЛАМ

Болашаққа сенім берер орда

Академик Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті – өңірдің білім және ғылым тарихының ажырамас бөлігі. Өзінің 85 жылдық тарихында білім беру, инновация және мәдени мұра орталығына айналып, өзгерістер мен дамудан өтті.

Сегіз онжылдықта университет қарапайым білім беру мекемесінен елдегі жетекші жоғары білім беру орталығына дейін жолдан өтті. Бүгінгі таңда университет ғылыми зерттеулерге белсенді қатысып, инновациялық оқыту бағдарламаларын әзірлеуді және студенттік бастаманы қолдауды жалғастыруда. Ол өңірдің және жалпы елдің дамуының катализаторы болып қала береді, қазіргі әлемнің сын-тегеурініне дайын білікті мамандар даярлайды.

Университет тарихындағы маңызды сәттердің бірі оған көрнекті ғалым және қоғам қайраткері Евней Арыстанұлы есімінің берілуі деп ойлаймын. Ғалымның есімі жоғары білім деңгейі мен ғылым мұраттарына берілген жандардың символына айналды. Осындай бай тарихы, өзіндік орны бар оқу орнында оқыған мен үшін мақтаншым. Мұнда мен көптеген пікірлес адамдарды кездестіріп, жаңа достар таптым. Университет – бұл жай ғана оқу орны емес, ішкі әлеуетіңді ашып, армандарыңа қанат бітіретін жер. Мен үшін тек оқу орталығы ғана емес, мақтаншым пен шабыт көзі. Қарағанды университеті менің білім сапарымда сенімді қолмақпа айналады. Бұл университетте жоғары сапалы білім беріп қана қоймайды, сонымен қатар, студенттер табысты өмір сүруіне маңсап үшін қажетті дағдыларды игеретін бірегей білім беру ортасын қалыптастырады.

ҚарУ-дің басты ерекшеліктерінің бірі – оның жан-жақтылығы дер едім. Мұнда әртүрлі факультеттер мен мамандықтар біріктіріліп, студенттерге өздерінің жан қалауы мен ой пайымына сөйкес келетін жолды таңдауға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламаларының алуан түрлілігі идея мен білімнің, шығармашылық пен инновацияның қайнар көзіне айналатын бірегей қауымдастық жасайды. Университетте мен мінез бен құндылықтарды қалыптастыруға көмектесетін тәлімгерлер мен оқытушыларды таптым. Әр сабақ менің жеке және кәсіби өсуімнің негізіне айналады.

Мен өз университетім туралы сөйлегенде білім алатын, шабыт табатын және жеке басымды қалыптастыратын жер туралы айтамын. Менің университетім тек оқу орны ғана емес, ол – маған болашаққа сенімділік беретін мақтаншым көзі.

Ерасыл БЕКЗАТ,
Қарағанды университетінің журналистика кафедрасының І курс студенті



товтің факультет дамуына қосқан үлесі зор. Өмірінің соңына дейін сөзге, көркем шығармаға деген сүйіспеншілігін сақтады, ол оның филология факультетіне ерекше көңіл бөлуінен, ғылыми-педагогикалық кадрлардың өсуіне деген қамқорлығынан көрінді.

Қазіргі уақытта факультет құрылымына 5 кафедра және 1 ғылыми зерттеу институты мен 1 орталық кіреді: қазақ тіл білімі кафедрасы, қазақ әдебиеті кафедрасы, қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасы, профессор Ф.Мейрамов атындағы орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы және журналистика кафедрасы, «Қазақ халқының рухани мұрасын зерттеу» институты мен Қазақ тілін дамыту және латын графикасына аудару орталығы. Сонымен қатар, факультетте оқу телевизиясы, Buketov Radio, «Qasym.kz» сайты, «Филология», «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша фи-

жаңұлы, ф.ғ.к., доцент М.Ержанов, ф.ғ.к., доцент С.Төлекова, ф.ғ.к., доцент Т.Пірімбетов, аға оқытушы Ұ.Оспалақова, т.б.

1972-1990 жылдар арасында кадрлардың ғылыми деңгейі жағынан кафедра университеттегі ең алдыңғылардың бірі болды. Осыған байланысты, кафедра жанынан аспирантура ашылып, университеттің үздік бітіргендер оқуға қабылданды. Бұлардың арасынан Т.Пірімбетов, Ж.Жақыпов, А.Жартыбаев, Ш.Жалмаханов сынды аспиранттар белгіленген мерзім ішінде ғылыми зерттеулерін аяқтап, кандидаттық диссертациясын қорғап шықты.

Қазір кафедрада 14 оқытушы, оның ішінде, филология ғылымдарының 3 докторы (Ш.Мажитаева, А.Әділова, Ш.Жалмаханов), 2 философия (PhD) докторы (Б.Хасенов, Э.Ажарбекова), филология ғылымдарының 8 кандидаты (З.Н.Жұмынтаева, А.Қазанбаева, М.Тұрсынова,



• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

Аралас сайлау жүйесінің тиімділігі

Сайлау жүйесіндегі тың реформалардың нәтижесін аймақ та анық сезінді деуге толық негіз бар. Былғы мәслихат сайлауының жаңалықтары жұртшылықты мемлекет ісіне жақындата түсті. Баршаға мәлім, аймақтағы депутаттардың сегізінші шақырылымы жұмысын 2023 жылдың 30 наурызында бастады. Ал, барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарын сайлау республикалық референдумда қабылданған конституциялық өзгерістерге сәйкес, аралас пропорционалды-мажоритарлық сайлау жүйесі бойынша өткеніне көпшілік куә. Депутат мандатын

Халық қалаулылары

**Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы**

Биыл халық қалаулыларын бұқара өзі таңдап, сайлағаны белгілі. Сайлау жүйесіндегі реформалар жұртшылықтың мемлекет ісіне белсене араласуы үшін зор мүмкіндіктер жасағаны мәлім. Соның бірі – облыстық, қалалық, аудандық мәслихат депутаттарын халықтың өзі тікелей сайлауы. Дәл осындай жүйе арқылы мандат иеленген мәслихат депутаттары осы жылдың наурызынан бастап іске кіріскен-тін. Осы уақыт аралығында депутаттар сайлаушыларымен тығыз қарым-қатынас орнату үшін, олардың арыз-шағымдарын, өтініш-тілектерін ұдайы назарда ұстау үшін өңірлерді аралап, кездесулер өткізді. Соның нәтижесінде, көпшіліктің көкейіндегі түйткілді мәселелердің біразының түйіні тарқатылды. Осылайша, бұқара мен билік арасындағы алтын көпірге айналған халық қалаулылары өңірдің өзекті мәселелерін шешуде ұйытқы болып келеді.



бөлу де сайлау қорытындысына сай жүзеге асты. Нақтылап айтқанда, депутаттық мандаттарды бөлу саяси партияларға берілген дауыстарға пропорционалды түрде іске асырылды.

Жалпы, облыс бойынша 214 депутат сайланды. AMANAT партиясынан ұсынылған кандидаттарға 231843 сайлаушы дауыс берді. Одан кейінгі орында «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы. Бұл партияға сенім арқан сайлаушылардың саны – 57998 болып, осында дауыс жинады. Үшінші орында Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы. Дауыс бергендер үлесі мұнда – 48323 адам. Сайлаушылардың 46790-ы Қазақстан Халық партиясына дауыс берсе, одан кейінгі орында «Байтақ» жасылдар партиясы иеленді. Аталған партия 27590 дауыс жинады. Ал, 27292 сайлаушы «RESPUBLICA» партиясын таңдады.

Осылайша саяси партияларға мандаттарды бөлу облыстың сайлау комиссиясы арқылы дауыс беру қорытындысына сәйкес жүрді. Атап айтар болсақ, «AMANAT партиясы» қоғамдық бірлестігі – 10, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 2, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы – 2, Қазақстан Халықтық партиясы – 2, «Байтақ» жасылдар партиясы – 1, «RESPUBLICA» партиясы – 1 мандатқа ие болды. Ал, 18 депутат бір мандатты сайлау округтері бойынша сайланған-ды.

Әр сессияда – әлеумет мәселесі

Әлбетте, өңірдің өзекті мәселелері мен дамуы депутаттар назарынан тыс қалып көрген емес. Облыстық мәслихаттың әр сессиясы – аймақтағы ахуал мен оның қордаланған проблемаларының шешімін табуы өзек етіп алады. Әр сессияда облыстың ертеңіне қатысты маңызды зор шешімдер қабылданады. Сондықтан да, облыстық мәслихат қызметінің негізгі нысаны – сессиялар. Әр сессияны өткізуге жіті дайындық жүреді. Онда қарастырылатын мәселелер жан-жақты пысықталып, егжей-тегжейлі зерттеледі. Оның бәрі облыстық мәслихаттың регламентіне, сессияларды дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Өткен тоғыз ай мұғдарында облыстық мәслихат депутаттары он сессияда мәні зор көптеген мәселелер бойынша 116 шешім қабылдады. Оның 26-сы нормативтік-құқықтық сипатта иеленді. Ал, өткен он сессияның төртеуі – кезекті болса, алтауы – кезектен тыс.

Жоғарыда атап өткеніміздей, сессияларда мәслихат әлеуметтік маңызы бар қатынастардың

тізбесін айқындау құзыретін іске асырды. Сол арқылы әлеуметтік маңызды бар қатынастардың тізбесі едәуір кеңейтілді. Бұл тізбелер қатарына Қарағанды, Абай, Приозерск, Теміртау қалалары, Нұра ауданы бойынша 13 автобус қатынасы және ауданишілік, ауданаралық тасымалдар қосылғанын атап өткен жөн. Одан бөлек, «Автомобиль көлігі туралы» Заңға сәйкес, депутаттар 189 әлеуметтік маңызды бар қатынастарды анықтады. Депутаттардың арала-

дағы медицина мамандарының тапшылығын жою үшін әлеуметтік қолдау да назардан тыс қалмады. Дәлірек айтқанда, ауылдық жерге жұмыс істеуге жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау мөлшері айқындалды. Бұл да депутаттардың араласуымен қолға алынған шаруа. Нәтижесінде, ауылдық жерлерге медицина қызметкерлерін тарту мүмкіндігі туды.

Биыл депутаттар ардагерлерге,

панаман қамту мәселесін де бақылауда ұстап отыр. Айталық, кезекті VII сессияда халықты, оның ішінде әлеуметтік осал топтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге уәкілетті мемлекеттік органдарға бекітілген бас жоспарлар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына сәйкес, жеке тұрғын үй құрылысына арналған алаңдарды бөлу, тұрғын үй құрылысы басталғанға дейін алаңдарды инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету жұмысын жандандыру ұсынылды. Тұрғын үйлер салу, жер учаскелерін беру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, осы сессияда құрылыс жұмыстарына сапасын көтеру проблемасы да депутаттар тарапынан қозғалды. Оның ішінде материалдарды ауыстыру немесе арзандату жағдайларының алдын алу, жобалық шешімдерді оңайлату мақсатында, жұмыстардың құнын негізсіз көтеруге жол бермеу, салынған нысандарды пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету, саулет-құрылыс бақылау саласындағы уәкілетті органға техникалық қадағалауға рұқсат беру кезінде қажетті құжаттарды қараудың объективтілігін қамтамасыз ету және оны жүзеге асыратын тұлғалардың жауапкершілігін арттыру тапсырылды.

Бейіндік комиссия депутаттары болса, құрылысқа қатысты бірқатар ұсыныстар жолдады. Атап айтқанда, облыстың қалалары мен аудандарындағы көптеген тұрғын үйлерді күрделі жөндеу жөніндегі шаралар жоспарын әзірлеу мүмкіндігін, ескі тұрғын үйлерді жанартуға қатысты шараларды әзірлеп, іске асыру мүмкіндігін қарастыру туралы ұсыныстар енгізді. Бұл шешімнің іске асырылуы облыстық мәслихаттың бақылауында.

Депутат көтерген проблема шешімін табады

Сессия жұмысында экономиканың әрбір саласындағы жайттар ортаға салынып, оның тиімді шешім тапқанын бұқара білугі тиіс. Облыстық мәслихаттың әр сессиясында депутаттар елге

тиімді шешімдер шығарып отырды. Мәселен, облыстық мәслихаттың VIII сессиясында ауылшаруашылығына қатысты маңызды шешім қабылданды. Оның бастамашысы – облыстық мәслихат депутаты И.Жабаяқ.

Депутат бастамасында пестицидтер, тыңайтқыштар құнын субсидиялауға, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, кредит беру кезінде сыйақы мөлшерлемелерін, сондай-ақ қайта өңдеуші ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының шығындарын субсидиялауға, ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға лизингке және субсидиялауға үнемдеуге байланысты бюджет қаражатын қайта бөлуі сұраған болатын. И.Жабаяқтың бастамасы қолдау тауып, сессияда қабылданды.

Сондай-ақ, жерді, суды пайдалануды реттеу жөніндегі шешімдердің жобалары депутаттарға ұсынылып, облыстың жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері бекітілді.

Депутаттардың араласуымен тарифтер құны да көтерілген жоқ. Яғни, облыс бойынша ауданаралық (облысшілік, қалааралық) қатынаста жолаушыларды тұрақты әлеуметтік маңызды бар автомобильмен тасымалдауға арналған жол жүру құны өзгеріссіз қалды. Облыс әкімдігімен бірлесіп Қарағанды қаласы, Абай, Бұқар жырау аудандарының әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелері қаралды.

Кез келген сала депутаттардың назарынан тыс қалған емес. Осыған орай, депутаттар Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын бекітті. Жоспар жергілікті атқарушы органдар тарапынан әзірленген. Онда өңірдің бар саласын дамыту қамтылды. Оның негізінде орталықтандырылған сумен жабдықтау, нәтижелі жұмыспен қамту, тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету, жолдардың сапасын жақсарту, криминалға қарсы күрес және жол-көлік оқиғаларының санын азайту, экологиялық қауіпсіздік, агро-өнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, білім беру сапасын арттыру, халықты және аумақты төтенше жағдайлардан қорғау, медициналық инфрақұрылымды дамыту және медициналық қызметтер сапасын арттыру мәселелері бар. Аталған даму жоспарының орындалысы да депутаттардың тұрақты бақылауында.

Облыстық мәслихаттың сессияларында облыс бюджетін бекіту және нақтылау жөніндегі өкілеттіктер де іске асырылады. Биыл облыстық бюджет төрт рет нақтыланды. Нақтылаулардың барлығы мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша бюджет қаражатының қалыптасқан үнемдеуін қайта бөлумен және қаражатты облыстың бірінші кезектегі мәселелерін шешуге бағыттаумен байланысты болды.

Өңір дамуы – тұрақты комиссиялар назарында

Жалпы, облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялары сессияда шешім қабылданар мәселелерді алдын ала жан-жақты талқылап, қарастырады. Оның артық-кемі сол комиссиялардың отырысында түгелделеді. Содан кейін барып, шешім шығарылады. Ал, бүгінде бес тұрақты комиссия бар. Оның әрқайсысына саланың білікті маманы төрағалық етеді.

Қарағанды облыстық мәслихатының I-VIII шақырылымының депутаты Серғазы Әдекенов өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелерін бойынша комиссияға төрағалық етеді.

Ал, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау комиссиясының төрағасы – Қадияша Оспанова. Қадияша Базарбайқызы VI-VIII шақырылымға бір мандатты сайлау округі бойынша сайланғанын айту керек.

Депутаттық өкілеттіктер, этика, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері бойынша тұрақты комиссия төрағасы Мұрат Әбілов. Мұрат Смағұлұлы VI-VIII шақырылымның депутаты. Бейбіт Досжанов құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экологияға жауапты. Төраға VII-VIII шақырылымының сайланған депутаты.

Бесінші тұрақты комиссия бюджетті, жергілікті басқару мен өзі-өзі басқаруды дамытуға атсалысады. Төрағасы – Аян Әбдікәрімов.

2023 жылға қабылданған жұмыс жоспарларына сай бейіндік комиссиялардың 25 отырысы өтіп, оның нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар жолданды. Соның нәтижесінде тиісті қаулылар қабылданды.

Депутаттар сонымен бірге, лауазымды тұлғалардың атқарған жұмысына байланысты есептерін тыңдап, бағалауға құқылы. Мәселен, биыл барлығы 15 лауазымды тұлға халық қалаулылары алдында есеп берді. Ол лауазымды тұлғалар қатарында қала және аудан әкімдерінің орынбасарлары, облыстық басқармалардың, мемлекеттік емес мекемелер мен ұйымдардың басшылары бар.

Бұдан бөлек облыстық мәслихат депутаттарынан жасақталған жұмыс топтары да бар. Олар облыстық мәслихат төрағасының өкімімен құрылған. Биыл жұмыс топтары жеті аудан мен алты қалада болғанын айту керек. 82 нысанға барған депутаттар жұмысының нәтижесінде проблемалар шешімін тапты.

Бейінді комиссиялардың жұмысы мемлекеттік саясатты іске асыруға және өңірлердегі сайлаушылармен тікелей байланысқа бағытталғанын атап айту қажет.

Дөңгелек үстел модераторы

Облыстық мәслихат тек сессиямен және тұрақты комиссия отырысын өткізуден шектелген емес. Өңірдің көптеген өзекті мәселелері – дөңгелек үстел басымда шешімін тапты. Оны ұйымдастырушы әрі модераторы – облыстық мәслихат болғанын атап айта аламыз. Мәселен, «Ақ жол» партиясы депутаттарының ұсынысымен жылу және электр энергиясына тарифтер мәселелері бойынша дөңгелек үстел өтті. Онда коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Оған облыстың депутаттары, табиғи монополиялар субъектілері, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық департаменттері, Қоғамдық кеңестің, облыстың қалалары мен аудандары әкімдерінің орынбасарлары қатысты.

Ал, жұмыспен қамтуға келсек, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі бейінді комиссиясы «Жұмыспен қамту және жұмысқа орналастырудың жаңа нысандары. Практикалық іске асыру мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізуге ұйытқы болды. Бұл шара арқылы жұмыспен қамту орталықтарының сапалы жұмысын қамтамасыз етудегі проблемалар туралы сұрақтар тізбесі жасалды. Шешімді табу үшін одан әрі уәкілетті органға жолданды. Уәкілетті орган елдегі жұмыссыздық деңгейін есептеу әдістемесін қайта қарау мәселесі бойынша ұсыныстар енгізді. Оның ішінде NEET санатын қоса алғанда, жастар жұмыссыздығын, қала және аудандардағы NEET жастарын тізімдеу, «пакеттік шешімдерді» қолдана отырып, топтық немесе жеке консультациялар форматында атаулы жұмысты ұйымдастыру, жастарға арналған барлық мемлекеттік бағдарламалар бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту бар.

Сондай-ақ, колледждерге лицензия беру, дуальды білім беру, жұмыс берушімен шарт бойынша қауіпті жұмыстарға рұқсат болған жағдайда, кәметелік толған сәттен бастап, практика мерзімінің басталуы тетіктері талқыланды.



суымен тегін медициналық көмектің қосымша көлемінің тізбесі кеңейтіліп, орфандық ауруларға арналған дәрі-дәрмектер ол тізбе қатарына қосылды. Тізбеде азаматтар облыстық бюджет қаражаты есебінен қосымша ала алатын 26 дәрілік зат бар.

Өңірдегі, соның ішінде, ауыл-

сонымен қатар, ұрыс қимылдары ардагерлеріне әлеуметтік қолдау шараларын белгіледі. Облыстағы 184 ардагер санаторий-курорттық емдеуге жолдама алды. Бұл ретте ардагерлер емі облыстық бюджет қаражаты есебінен екенін атаған ләзім.

Депутаттар тұрғындарды бас-



сенімді ақтайды

Мемлекеттік органдарға мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын барлық студенттерді екі тарапты жүйе арқылы оқытудың тиімсіздігі туралы (студенттердің тек 20%-ын қалдыру ұсынылады), сондай-ақ, жан басына шаққандағы қаржыландыру әдістемесін қайта қарастыру және кемінде бір практикант болған кезде тәлімгерлікке ақы төлеу тетігін әзірлеу қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізілді.

«Трудовое» ауылындағы оқу-өндірістік комбинатының және Осакаров ауданының Литвинов мектебінің оң жұмыс тәжірибесін зерделеп, облыстың білім басқармасына өңірдің барлық ОӘК жұмысына талдау жүргізу ұсынылды. ОӘК мәртебесін айқындау, олардың жұмысы үшін сағаттарды, штатты және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді бөлу қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізілді.

Құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология, депутаттық өкілеттіктер, этика, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі бейінді комиссиялар табиғи өртердің алдын алу жөніндегі жұмыс туралы дөңгелек үстел өткізуді ұйымдастырды. Онда ормандарды молықтыру және орман өсіру жоспарын іске асыру бойынша бірлескен ұсыныстар әзірленді.

Парламентпен өзара іс-қимыл жүзеге асады

Жергілікті мәселелерді облыстық мәслихат депутаттары жетік біледі. Осы орайда, ел деңгейінде қабылданар маңызды шешімдер мен құқықтық негізі бар құжаттарды жетілдіруде Парламентке ұсыныстарды ұдайы жолдап отыр. Бұл бағытта облыстық мәслихат депутаттары Парламент депутаттарымен белсенді жұмыс істейді. Тарқатып айтсақ, жыл бойы облыстық мәслихат депутаттары жергілікті өзін-өзі басқару, білім беру, әлеуметтік қорғау, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге қатысты ұсыныстар дайындады және оны Парламентке жолдады. Жолданған ұсыныстар қатарында өзгерістер енгізу

беру, жастар саясатын жүргізуге бірқатар өзгерістер қажеттігі де ұсынылды.

Биылғы мамырда депутаттар Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевпен кездесті. Онда нормативтік-құқықтық актілерді қолдану практикасына мониторинг жүргізу шеңберін-

сапарларының қорытындылары бойынша қалыптастырылған және одан әрі пысықтау үшін уәкілетті органдарға жіберілген түйінді ұсыныстар.

Бүгінгі таңда депутаттардың 68 бастамасының 11-і (16,1%) іске асырылды және ағымдағы жылға арналған облыстық бюджетте көрініс тапты.



де, заңнамалық бастамалардың жобаларын әзірлеу мақсатында депутаттар ұсыныс жасады. Серғазы Әдекевон жеке қосалқы шаруашылықтар туралы заңды әзірлеу және бекіту қажеттілігін атады. Қадияша Оспанова білім туралы заңнамаға өзгерістер енгізу мүмкіндіктері туралы ұсыныстарын білдірді. Ал, Меруеш Башай 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдары қызметкерлері үшін әлеуметтік кепілдіктерді нығайту жайын көтерді. Абай Қалықов болса, облыс әкімінің жанынан ғылым жөніндегі кеңес құру керектігін атап, ҚР «Ғылым туралы» Заңына толықтыру енгізуді, Михаил Коновалов мемлекеттік орнатып алу туралы шарттарды орындамағаны үшін жауапкершілікті күшейтуді, Виктор Щетинин кеншілер мен металлургиялық өндіріс зейнеткерлік жасты төмен-

Бұқара тілегі ескерусіз қалмайды

Көптің көкейіндегі мәселелер бойынша депутаттар құзырлы орындарға сауал жолдап, өтініш жасауға хақылы. Бұл «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңында көрсетілген. Сондықтан да, облыстық мәслихаттың құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде әкімге, тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы мен мүшесіне, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың прокуратурына және лауазымды адамдарына ресми жазбаша сұрау сала алады. Ал, есепті кезеңде мемлекеттік органдарға 93 депутаттық өтініш жолданды. Соның ішінде, 90 өтінішке жауап келсе, 3 депутаттық өтінішті қарастыру облыстық мәслихаттың бақылауында тұр.



өткізудің заңдылығын, кворумның сақталуын, дауыстарды санауды және жер учаскелерін құрылтайшыға, пайшыларға беруді бақылауды қамтыды. Осакаров ауданына жұмыс сапарынан кейін Қазақстан Республикасының Парламентіне ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін бастапқы тіркеу орны бойынша үй алуға кезекке қоюда өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы ұсыныстар жолданды.

Сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, Қоғамдық кеңестер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілеттіктерінің қайталануы, білім бөлімдерін облыстан аудандық және қалалық мемлекеттік басқару деңгейлеріне беру қажеттілігі, балаларды кент ішіндегі мектепке дейін жеткізу бөлігінде

Облыстық мәслихат Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыруды да қамтамасыз ететінін назарға алу керек.

Қоғамдық-саяси шаралар депутаттар назарында

Облыстық мәслихат депутаттары облыста болып жатқан саяси және экономикалық өзгерістерден қалыс қалған емес. Мысалы, 19 депутат жергілікті атқарушы органдар жанындағы түрлі мәселелер бойынша Үйлестіру кеңестері мен жұмыс комиссияларының мүшелері.

Облыстық мәслихат депутаттары тұрақты түрде қайырымдылық акцияларын өткізеді және қиын жағдайда қалған адамдарға көмек көрсетеді.



олардың барлығына тиісті түсініктемелер берілді.

Өзін-өзі басқару органдарымен іс-қимыл – тұрақты

Депутаттардың жұмыс сапарлары ауыл-аймақтарда жалғасты. Атап айтқанда, жергілікті маңызы бар мәселелерді азаматтардың өз бетінше шешуін қамтамасыз ету сұрақтарымен танысу мақсатында Абай, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров аудандарына барды. Абай ауданы Южний кентінің, Құлайғыр ауылының жергілікті тұрғындарымен кездесу барысында «Топар» бөгетін санациялау мәселесі бақылауға алынды. Одан бөлек, 2022-2024 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралардың қолданыстағы жоспарына өзгерістер енгізу аясында түбін тереңдету, қамыстан және басқа да балдырлардан тазарту жөніндегі жұмыстарға жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу туралы мәселені қарастыру жоспарлануда.

Нұра ауданына жұмыс сапарынан соң ҚР Парламентіне ҚР Жер кодексіне өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы ұсыныстар жолданды. Ол ұсыныстар аудан (ауылдар немесе кенттер) әкімдеріне адамдардың ауыл шаруашылығы ұйымының құрамынан шығуы бойынша жиналыстар өткізу құзыретін беру мүмкіндігін белгілеу (бұрын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін ауыл шаруашылығы ұйымына берген тұлғалар), сондай-ақ жалпы жиналыс

ҚР «Білім туралы» Заңына өзгерістер енгізу, Осакаров кентінде бассейні құрылысын облыстық бюджет есебінен қаржыландыру қажеттілігі мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысының қатысуымен өткен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңесте жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тиісті аумақта күші бар құқықтық актілерді қабылдау бойынша заңнамалық өкілеттіктер беру туралы және жалпы мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыру туралы ұсыныстар айтылды.

Келісіп пішкен тон келте болмайды

Бүгінде Қарағанды облысының Қоғамдық кеңесінің құрамында 38 адам болса, оның оны – ҮЕҰ, кәсіподақ өкілдері, алтауы – БАҚ, төртеуі – әлеуметтік сала, үшеуі – ШОБ, өнеркәсіп, саяси партиялар, үш өкіл мемлекеттік органдардан және алты адам – басқа салалардан.

Облыстың Қоғамдық кеңесінде 5 комиссия бар. Біріншісі – өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, ауыл шаруашылығы және жер мәселелері жөніндегі комиссия. Төрағасы Н.Омарханов зейнеткер. Екіншісі – экономика және бюджет мәселелері жөніндегі комиссия. Төрағасы А.Қиясова «PORTUS» ЖШС директоры және құрылтайшысы. Үшінші комиссия – құрылыс, көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және экология мәселелері жөнінде. Комиссияның төрағасы Р.Никонович «Новое телевидение» телеарнасының директоры. Одан кейінгі әлеуметтік сала, халықты әлеуметтік қорғау және қоғаммен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия төрағасы – А.Атабаева. Ол «Ұлы Далас» Ауыл бизнесін дамыту ассоциациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Бесінші – заңдылық, адам құқықтары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия. Төрағасы Д.Смайіл «SaryAtqa Co» ЖШС директоры және құрылтайшысы.

Облыстық мәслихат облыстық бюджет туралы шешімдерді талқылау және қабылдау кезінде облыстың Қоғамдық кеңесінің пікірін есепке алу, сондай-ақ өңірде әлеуметтік маңызды бар жобаларды іске асыру кезінде қоғамдық бақылау жүргізуді басымдыққа алады.

Бүгінде 42 қайырымдылық және демеушілік іс-шаралар мен акциялар өтті. Абай облысындағы орман өртерінен зардап шеккендерге, Костенко атындағы шахтада қаза тапқан бастырушының отбасына материалдық көмек көрсетілді; «Мектепке жол» акциясы өткізілді; «Бақытты отбасы» жобасы аясында балалар күніне, «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы шеңберінде қарттар мен ардагерлер үшін материалдық көтермелеу көрсетілді; жас футболшыларға, көпбалалы отбасылардан шыққан үздік оқушыларға, емделіп жатқан азаматтарға және мүгедектігі бар балаларға қолдау көрсетілді (мүгедектер арбасы, арнайы матрастар, 82 балаға арналған нутритивті балалар тағамы сатып алынды); 9 мамыр – Женіс күніне орай ардагерлер азық-түлік себеттерімен қамтамасыз етілді; білім беру мекемелеріне құрылыс-арлеу материалдары мен шаруашылық құралдары сатып алынды.

Аппарат жұмысы – тұрақты

Облыстық мәслихат аппараты – 8 мемлекеттік қызметшінен тұрады. Аппараттағылар депутаттық корпусының қызметіне ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық қызметті, депутаттық өкілеттіліктерін жүзеге асыруға көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Жыл бойы мәслихат аппараты тұрақты комиссиялардың отырыстарын, сессияларды, дөңгелек үстелдерін, жұмыс сапарларын өткізудің 94 мәселесі бойынша ақпараттық материалдар мен талдамалық анықтамалар дайындалды.

Жыл түскен 674 хат қаралды, түрлі мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарға 337 сауал мен жауап дайындалып, жіберілді. Сондай-ақ, облыстық мәслихат сессияларында қабылдауға ұсынылатын нормативтік-құқықтық актілердің 26 жобасы бойынша қорығындылардың жобалары қаралып, дайындалды.

Биыл облыстық мәслихат аппараты жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен 101 өтінішті қарады. Оның 77-сі – жеке тұлғалардан, 24-і – заңды тұлғалардан.

Суреттер облыстық мәслихаттың баспасөз қызметінен алынды



қажеттілігі де ашық айтылды. Мәселен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына ауысу тәртібімен орналасу бөлігінде, «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» 1949 жылдан 1990 жылға дейін ядролық жарылыстар өткізу аумағында тұратын азаматтарды әлеуметтік қолдау қажеттілігі туралы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына – мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жетілдіру туралы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңына – «жұмыссыз» мәртебесіндегі адамдарға төлемдер мәселелері бар.

Міндетті медициналық сақтандыру қорының оңалту қызметтеріне мемлекеттік тапсырыс көлемін бөлу критерийлері бойынша денсаулық сақтау саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу қажеттігін атады. МӘМСҚ жүзеге асыратын емханаларды қаржыландыру лимиттерін қайта қарастыру да депутаттар ұсынысында көрініс тапты. Жұмыспен қамту, техникалық және кәсіптік білім

дету қажеттілігін ұсынды.

2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетті нақтылау туралы, 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы шешімдердің жобаларын дайындау қарсаңында облыстық мәслихат депутаттарының 68 ұсынысынан тұратын «Бастамалар пулы» қалыптастырылды. Бұл бейінді комиссиялар отырыстарының және депутаттардың жұмыс

Депутаттар іске кіріскен кезеңнен бері сайлаушылардың 237 өтінішін қарастырды. Оның 16-сы – заңды тұлғалардан, 221-і – жеке тұлғалардан келіп түскен өтініштер.

Депутаттардың жеке қабылдауына 400-ден астам адам келді, онда 518 мәселе (тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, әлеуметтік қорғау, материалдық көмек көрсету және т.б.) айтыл-





• ҒАЛЫМ, МЕЦЕНАТ БАҚТЫБАЙ ЖҮНІСОВ – 70 ЖАСТА

Алтын жүрек

Бақтыбай Жүнісов!
Елімізге сүйген жүрек иесі. Дархандығы даладан дарыған, тектілігі бабадан жұққан осы азаматтың есімі естілсе, жаяу жүрек батырлардың соңғы тұяғындай, намыстың найзагерідей нар тұлға елестейтіні бар. Рас, «Бақтыбай аға мынадай іс тындырды», «Бақтыбай Жолжақсыұлы жолынан жығылмапты», «Осындай ауқымды жобаны бір өзі қаржыландырыпты», «Бақтыбай азамат екен!», «Арқада ақиқаттың бетіне тік қарайтын бір азамат бар. Ол – Бақтыбай Жүнісов!» деген ақпарды жиі естиміз. Шынымен де, солай.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Игі істің бастауында кім жүреді? Бақтыбай Жүнісов!

Шор бабаны дәріптеп, Қазақ бидің мерейтойына темір тұлпарды кім тікті? Бақтыбай Жүнісов!

Сүрінгенді демеп, жылағанды кім жұбатып жүр? Бақтыбай Жүнісов!

Бір кездері безбүйрек қоғам қазақ қыраны Тоқтар ағасын тобықтан шалған кезеңде, Батырдың жел жағынан да, ел жағынан да табылған кім? Жолжақсының жомарт жүректі Бақтыбайы!

Осы азамат жетпіс жасқа толып жатыр дегенді де құлағымыз шалды. Ел азаматтары елден, әбгерлене қалған. Бірақ, Бақтыбай ағаның өзі тыр етпеді. Өзін дәріптеуді жаны қаламайды, бәлкім. Біреудің дәріптеуіне де зәру емес. Қарапайым қалпынан айнымаған азаматты өзіміз іздедік. Таба алмадық. Мерейтойының қамымен емес, елдік мұрат жолындағы қым-қуыт жұмыстарымен уақыты болмай шықты.

Міне, білікті заңгер, мерейлі меценат, қажырлы қайраткер, ғибратты ғалым Бақтыбай Жолжақсыұлының осындай қасиеттерін білетін адам оны Шор бабасынан қалған зор бала, нағыз батыр мінезді тұлға деп қана таниды. Ол

– табысты кәсіпкер ғана емес, намысты қазақ!

...Арқаның атырабы қандай кең болса, сондай кең жүректі кемел азаматтары да жетіп артылады. Бақтыбай Жүнісовті солардың қатарынан ұлт жанашыры ретінде ерекшелен алуға болады. Қарағанды қаласында «Арқа ақшамы» газетін жарыққа шығаруының өзі байырғы ұлт көсемдерінің ұлы мұратын жалғағандығы емес пе?!

Бақтыбай Жолжақсыұлы меценаттығынан бөлек, заң саласының белді өкілі. «Құрметті заңгер» атағының иегері. Білім саласының ауыртпалығын ертеден көтерген еңбегін де ешкім жоққа шығара алмайды.

Бүгінде Орталық Қазақстан академиясының ректоры. Нарық кезінде оқу бағасы да аспандап тұрғаны айқын, әрине. Ал, бұл ректор оқу құнының тұрақты болуына талап қойған. Осы жанашырлығының арқасында академиядан санасына сәуле сіндірген мыңдаған студент қанаттанып жатыр.

Тектілік тегін жатпаса керек-ті. Әкенің өнегесі, ананың ақ сүтімен келетіні, сөзсіз. Әкесі Жолжақсы – Отан соғысы кезінде кеудесін оққа тосқан жауынгер. II дәрежелі Отан орденінің иегері. Басқа да жауынгерлік наградалармен омырауын толтырған.



Сурет кейінгі жасын мерейтойынан

Ал, анасы Рысбала Қарқаралы қаласындағы мектептің бастауыш сыныбында 46 жыл мұғалім болып, талай қазақ баласына қаріп танытқан. Тілдік пәндерді оқыту әдістемесі бойынша оқу құралының авторы. 1963 жылы Ленин орденімен марапатталған. Міне, әкенің айбары, ананың ұстаздық тәлімі дарыған бала Бақтыбайға үлкен үміт артылады.

Бақтыбай Жолжақсыұлы бірден білім саласына топ ете қалмайды. Еңбек жолын қара жұмыстан бастады. Өзінің туған топырағы Қарағайлыдағы тау-кен байыту комбинатында екі жыл слесарь болып жұмыс істеді. Одан кейін әскер қатарында екі жыл борышын өтеді.

Кейін комбинаттың жолдамасымен академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің дайындық бөліміне оқуға түсіп, 1982 жылы заң факультетін бітірді. Универ-

ситетте оқып жүрген кезінде Ленин стипендиясының иегері, топ старостасы, студенттік құрылыс жасағының командирі, заң факультеті жатақханасы студенттер кеңесінің төрағасы болды.

Оқуын үздік тәмамдаған мұндай студентті университет басшылығы жібере салсын ба?



Сурет ашақ дереккөзінен алынды

• РОБОТОТЕХНИКА

Үндістанда бақ сынайды

Қарағанды «Мұрагер» мамандандырылған мектебінің оқушыларынан құралған JelToqSun және Atom командалары Алматыда өткен Tech Cup Almaty 2023 робототехника чемпионатында лайықты өнер көрсетті. Қазақстан мен Қырғызстаннан жиналған 140 команда халықаралық турнирлерге арналған лицензия үшін күресті.



7-9 сынып оқушыларынан құралған JelToqSun командасы First Lego League санатында абсолютті чемпион атанып, ақпалай сертификат пен Үндістандағы халықаралық чемпионатқа жолдама (Goa) алды.

– First Lego League роботтық ойыннан, инновациялық жобадан, робот дизайннан және негізгі құндылықтан тұрады. Ол жыл сайын әр түрлі тақырыпта өткізіледі. Биыл өнер (masterpiece) тақырыбы таңдалды. FLL жастарға бағдарламалауды ерте жастан үйренуге және игеруге көмектеседі, – деп түсіндірді тоғызыншы сынып оқушысы, команда дизайнері Нариман Жақып.

Ал, жаңадан құралған Atom командасы First Tech Challenge санатында Think Award аталымында екінші орынға ие болды. Команда капитаны Санжар Сәрсенбаевтың айтуынша, судьялар робот көрсетілімі мен портфолионы жоғары бағалаған. Енді, жүлдегерлер осы санат бойынша шеберлік сабақтарынан өткізе алады. Команда жетекшісі – «Мұрагер» мамандандырылған мектебінің информатика пәні мұғалімі Бердібек Қазығұлов.

Өз тілшімізден

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

«ҚЫСҚЫ БАҚТЫҢ» ҚЫЗЫҒЫН ТАМАШАЛА

Биыл Теміртаудағы «Қысқы бақтың» ашылғанына – 30 жыл. Қазақстан табиғатында кездеспейтін тропикалық өсімдіктерге бай мекеннің атаулы мерейтойына «Озат» ақпараттық-технологиялар мектеп-лицейінің оқушылары, жас экологтар электронды кітап әзірлеп, ұжымға сыйлады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өндірісі өркен жайған Теміртауда «Қысқы бақ» салу мәселесі кеңестік кезеңде ұсынылған. Алғашқы қазығы 1991 жылы қағылып, іргетасы құйылыпты. Ал, 1993 жылдың қаңтарында ресми ашылу салтанаты өткен. Токсаныншы жылдары қыс ішінде бақ жарық пен жылусыз қалып, өсімдіктерге қауіп төнген. Қызметкерлердің жанқиярлығы арқасында баққа пеш орнатылып, от жағылған.

Бүгінде «Қысқы бақта» тропикалық елдерде, шөлді аймақтарда кездесетін жүзден астам өсімдік жайқалып тұр. Қарағандылықтардың сүйікті мекеніне айналған жерге көпшілік демалу үшін жиі келеді. Сондай-ақ, оқушылардың да қызықтайтын орны.

Алайда, дамыған заманда қызық адамға интернет арқылы тамашалауға мүмкіндік беретін бақтың сайты жок болып шықты. Интернет арқылы ақпарат алу

қиындау. Экскурсияға келген балалар бақ қызметкерлері ұсынған мол ақпаратты қорытып, қайта пысықтауға киналады. Сондықтан, «Озат» мектеп-лицейі жанынан құрылған «Балауса» эко-клубының мүшелері электронды кітап әзірлеуді жөн көрген. Жоба жетекшісі – биология пәнінің мұғалімі Арай Ержан.

– Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда балаларға жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеп, олардың бойындағы патриоттық сезімдерді қалыптастыру керектігін айтқан болатын. Өрі Президентіміз «Отанға деген сүйіспеншілік – үлкен жиындарда ұран тастау немесе тек ән шырқау емес» деп атап өтті. Өте құлтарлық сөз. Біз өзіміздің туған елге, жерге деген махаббатымызды іспен көрсетуіміз керек. Балалар өз қаламыздағы осындай ғажайып орын туралы кітап дайындау арқылы, оның тарихымен танысты. Бақ қызметкерлерінің қиын да қызықты жұмыстары туралы білді. Бұрын бұл жерге

Оқытушы ретінде жұмысқа қалдырады. Кейін аға оқытушы, доцент, қылмыстық құқық және процесс кафедрасының меңгерушісі, заң факультетінің деканы болды. 1994-1995 жылдары Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтының оқу ісі жөніндегі проректоры, 1995 жылдан 1997 жылға дейін Д.Қонаев атындағы гуманитарлық институты Қарағанды филиалының директоры болып қызмет атқарды. 1997-2012 жылдары – «Фемид» заң академиясының ректоры. «Фемид» заң академиясы кейіннен қазіргі заманғы гуманитарлық-техникалық институты, көпсалалы гуманитарлық-техникалық институты, «Лингва» тіл және аударма институты сияқты жоғары оқу орындарының басын біріктіріп, Орталық Қазақстан академиясына атанды.

Бақтыбай Жолжақсыұлы басшылық ететін академия аяғына нық тұрған. 2013 жылы мемлекеттік аттестациядан, 2016 жылы ұлттық институционалдық аккредиттеуден де сәтті өтеді.

Айтпақшы, осы жылдары ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес сапа менеджменті жүйесі енгізілді. Халықаралық институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден де абыройлы өтеді.

Білуімізше, жақсылығын жария етпеушілердің қатарынан.

Бұл да парасаттылығынан. Бірақ, біз білетін демеушілік көрсеткен тұстарын тізе кетелік. Қарағанды қаласындағы Жеңіс саябағы құрылысына, Нұркен Әбдіровтің 90 жылдығына, Қасым Аманжолұлының 100 жылдығына, Қарқаралы қаласының 190 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға, Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдығына, Тоқтар Әубәкіровтің 70 жылдығы мен Юрий Гагариннің ғарышқа алғашқы ұшуының 55 жылдығын мерекелеуге демеуші болады. Қазақ хандығының 550 жылдығына да қомақты қаржы аударады. Қарқаралыдағы Қарқабат аның ескерткішін тұрғызуға септігі тиген. Өзі білім алған Қарағайлыдағы №17 орта мектепке үнемі қарайласады. Аталған мектептегі үздік бастауыш сынып мұғаліміне үзбей сыйақы беріп келе жатыр.

Осындай шапағатынан соң, тек меценат ретінде емес, жоғарыда атап өткеніміздей, ұлт жанашыры деуге толық негізіміз бар.

Қарағанды қаласында тағы бір қазақ тілді «Qaragandy habary» газетін жарыққа шығарады. 2004 жылдан шығатын «Фемид» халықаралық газеті арқылы халыққа құқықтық білімді насихаттап келеді. Міне, бұл – тек Бақтыбай Жолжақсыұлының біз білетін қырлары.

Бақтыбай Жолжақсыұлы «Құрмет» және «Парасат» орденімен марапатталған. Заңды да. Басты марапаты – халқының сый-құрметі. Өзі осылай дейді. Бүгін жетпістің белесіне осындай парасатпен, биіктікпен жетіп отыр. Жақсылықтың алдынан шығатыны рас-ты.

Арқа атырабын алып батырдың сауытты кеудесі десек, сол кеудеде Алашты сүйген алтын жүрек бүлкілдеп жатыр. Ол – сұңқар болмысты Бақтыбай аға! Жолынан жығылмайтын, жақсылық жасауға үнемі асық Бақтыбай Жолжақсыұлының алтын жүрегіне амандық тілейміз.

• БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА

Жаңа орталықтағы жарқын мүмкіндік

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің шет тілдер факультетінде түрік тілі мен мәдениеті орталығының тұсауы кесілді. Ашылған жаңа кабинетте сабақтар мен түрлі тақырыптық іс-шаралар өтеді.

Арнайы орталықты Түрік ынтымақтастық және Үйлестіру агенттігі (ТІКА) қаржылық демеушілік көрсетіп, кабинетті

жөндеуден өткізіп, жабдықтаған. Ұйым бүкіл әлем бойынша түрік тілін қолдау және дамытумен айналысып келеді.

– Бұл – елімізде ТІКА ашқан төртінші орталық. Жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды. Дизайн үшін жағымды түстер қолданылды. Үстелдер, орындықтар барлық қажетті техника сатып алынды. Жұмыс істеу үшін үлкен экран, мультимедиялық панель де бар. Мұнда екінші жыл бойы жү-



Сурет обьект ақпараттық орталықтан

мыс істеп келе жатқан Түркиядан келген екі дәріскер де сабақ өткізеді. Сонымен қатар, тәрбиелік және танымдық сипаттағы түрлі іс-шаралар мен шеберлік сыныптарын да осы арнайы орында өткіземіз, – дейді шет тілдер факультетінің деканы Гүлназ Тілеужанова.

Дерекке сүйенсек, қазіргі таңда білім қарашаңырағы Қарағанды университетінде 500-ден астам студент түрік тілін оқиды екен. Жаңа орталық жайлы жағдайда сапалы білім алуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Өз тілшімізден

• ЕҢБЕК АДАМЫ

Беғазыдағы берекелі шаруашылық

Атадан қалған шаруашылықты шашау шығармай, әрі қарай дөңгелетіп отырған Азамат Ғазизұлы өрісін төрт түлікке толтырған. «Жанқұтты» атты шаруашылығында отар қойы, табын сиыры мен үйір-үйір жылқысы бар.

да құрғакшылық бүйірден қысқан уақытта көмек болып отыр. Бұл шаруашылықта мал бордақылау жұмысы да жолға қой-

үстінде жүріп, көкпар тартты. Бәйге жаратып, додаға қосты. Тазы жүгіртіп, аң қағады. Барын басып емес, шашып

Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Бертінге дейін Үкіметтің көмегіне жүгінбей, таза маңдай терімен Қоныртауды өрісін төрт түлікке толтырған. Мемлекеттің малға беретін субсидиясын кейіннен ғана алған фермер енді шаруашылығына жаңа техника алуды жоспарлап отыр.

– Субсидияны кейіннен ғана алып жүрмін. Дизель отынымызды, жем-шөбімізді ақтап тұр. Енді, «КамАЗ», трактор алсам деген ойым бар. Техника деген шаруашылықтың күші ғой. Осы уақытқа дейін ескі техниканың арқасында аман-есен шөбімізді түсіріп отырдық ғой. Жаңалап алсақ жақсы болар еді, – дейді фермер.

Шаруашылық иесі жақында тағы бір қыстақ алып, малының денін сонда ұстап отыр. Қазіргі қонысынан төрт шақырым жерде. Өйткені, өз қыстағынан 4-5 жерден құдық қазған екен, су шықпапты. Терең жерінен шықпанымен көпке бармай көзі таусылады. Ал мал суға семіреді.

Азаматтың негізгі көмекшісі – Қанағат бауыры. Ағайындылар екеулеп, еңбек етуде. Онымен қоса, Беғазы ауылындағы төрт адамды жұмыспен қамтып отыр. Сиырын отбасылы жандарға сеніп тапсырған. Олар – жана қыстағында. Орақ науқаны кезінде тағы бір жұмыскердің күшіне жүгінеді. Мал азығы демекші,

кейінгі екі-үш жылда өз жерін шабулы қойған.

– Құрғакшылық біздің де жерді айналып өтпеді. Өзі шабындығымыз шамалы еді. Мүлдем шөп шықпай қалды десек те болады. Әйтеуір, әуірімдеп жүріп, Қызыларайдың орман шаруашылығына тисілі жерді шауып алып отырмыз. Келісімшарт жасасып, қаражатын төлеп. Бұл да болса, үлкен көмек, – дейді шаруа иесі.

Майөзек, Сымтас аталатын жайылымдық жерлері – шұрайлы. Малы наурызда далаға шыққаннан бастап, қар түскенше осы өрісінде. Бұл жақтың қысы қолайлы. Мал қаңтардың ортасына дейін далада жайылады. Қар қалың түсе қоймайды. Мұнысы

ылған. Ірі қара малын жемге қойып, семіртіп, саудалап отыр. Балқашқа, Қарағандыға.

– Әкем механизатор болған. Кейіннен мал бағып, бізге өсіріп берді. Ол кісінің еңбегі ерен. Бізді де еңбекке ерте үйретті. Біз де әкенің өнегесін бойға сіңіріп, қал-қуатымыз жеткенше, еңбектеніп жатырмыз. Малымыздың амандығы – жанымыздың амандығы. Осыдан екі-үш жыл бұрын 10-15 бас жылқымыз жоғалатын еді. Қазір тәубе, ұрылар айылын жиды. Оған да тәубе, – дейді А.Ғазизұлы.

Азаматтың есімін Арқа жұрты жақсы біледі. Азаматтығымен, мәрттігімен хәм ұлттық спорттың ұпайын түгендеп жүрген жанашыр ретінде. Бертінге дейін ат

жейтін Атымтай Жомарт ретінде елі де аса құрметтейді. Қыстағы Беғазы ауылынан 15 шақырым жерде. Беғазы-Дәндібай ескерткішін көруге келген туристер осы шаңыраққа ат шалдырады. Өзі аттан, қазаны оттан түспейді.

Жомарт фермер жолынан жығылмайды. Қайырымдылық жасауға үнемі ниетті. Ұлттық спорт ойындарына тұрақты демеуші. Бергені ырысын азайтпайды, берекесін арттырады. Азаматтың өзі осылай дейді. Беғазының өрісін малға толтырып отырған «Жанқұтты» шаруашылығының тіршілігі осындай.

Суретті түсірген автор

Ақтоғай ауданы



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексін, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

• МӘСЕЛЕ

Айласы көп алаяқ, алдап кетуі оңай-ақ

Жылда желтоқсанда «он екі айда не болды?» деген сұраққа жауап іздеп, алға қойылған жоспардың орындалысы туралы есеп бере бастаймыз. Биыл да алаяқтық алдыңғы орында болары анық. Өйткені, алданған адамда есеп жоқ... Көбінесе алданғандардың айтқанына құлақ түре қалсаңыз, жылда қайталанатын «дәстүрге» айналған Остан Бендердің ізбасарларының ізі көрінеді. Ісі де... Бірақ, бүгінгі Остантар қала аралап «гастролдетіп» зуре болмайды. Қиырда отырып алып, қырдағы халықты ұялы телефон арқылы қан қақсата салады.

Мамыр-маусым айларында полицияға алаяқтарға алданып қалған зейнеткерлердің арыз-шағымы күрт өскен. Күдіктілер егде жастағы адамдарға хабарласып, туысқандары жол-көлік оқиғасына ұшырады деп, оларды жауапкершіліктен құтқару үшін ақша төлеуді талап еткен. Бұндай әрекет арқылы жәбірленушілерге 130 миллион теңгеден астам шығын келген. Қылмыстық істің негізінде еліміздің алты қаласынан 30-дан астам адам ұсталып, оның 6-уы қамауға алынды. Алаяқтардың көмекшілерінің арасында «Яндекс такси» жүргізушілері, тамақ жеткізушілер, жоғары оқу орындарының студенттері, көмекшілік жасқа толмағандар және басқа да азаматтар бар.

Қарағанды қалалық полиция басқармасына қарасты Оңтүстік-Шығыс полиция бөліміне 79 жастағы зейнеткерден арыз түсті. Зейнеткер полиция қызметкерлеріне алаяқтың құрбаны болғандығы туралы айтқан. Белгілі болғандай, жәбірленушіге белгісіз біреу хабарласып, өзін «полиция қызметкерімін» деп таныстырған. Телефон соққан белгісіз азамат оның қызы соңы қайғылы жағдаймен аяқталған жол-көлік оқиғасына кінәлі болды деген. Сондықтан, қылмыстық жауапкершіліктен құтылу үшін 15 мың АҚШ долларын беруді талап еткен. Зейнеткер ондай ақшасының жоқ екенін, алайда, қолында 9 мың 400 АҚШ долларының бар екенін айтқан. Сол кезде «жалған полиция» зей-



Коллаж жасаған Албеса Рахымжан

неткерге далаға шығып, ақшаны курьерге беруін айтқан. Зейнеткер далаға шығып, қолындағы 9 мың 400 АҚШ долларын белгісіз бір курьерге берген. Кейін қызына хабарласқанда ешқандай жол-көлік оқиғасы болмағанын білген. Криминалдық полиция қызметкерлерімен жүргізілген кешенді жедел-іздістіру шаралары барысында осы іске қатысы бар деген күдікпен 20 жастағы азамат ұсталды. Күдіктінің айтуы бойынша, ол әлеуметтік желі арқылы жұмыс ұсынушымен танысқан. Ұсталған азаматтың міндеті зейнеткердің мекенжайына барып, 9 мың АҚШ долларын алып кету болған. Тапсырманы орындаған соң ол өзіне 400 АҚШ долларын алғаны белгілі болды. Ал қалған ақша-

ны желі арқылы жұмыс берушіге жіберген. Сондай-ақ, күдіктінің осыған ұқсас тағы да екі қылмысқа қатыстылығы анықталды. Бірінші жағдайда шығын көлемі 8 миллион 400 мың теңге болса, екінші жағдайда 4 миллион теңгені құраған. Барлық жәбірленушілер – зейнеткерлер.

Дәл осындай жағдайда 13 зейнеткерді алдап ақшаларын қағып алған топ қолға түсті. Полицияға арызданған 82 жастағы қала тұрғынына белгісіз біреулер үй телефонына қоңырау шалған. Ер адам өзін тергеуші деп таныстырған. Сосын зейнеткердің қызы жол апатына кінәлі болғанын және оған қатысты қылмыстық іс қозғалғанын айтқан. Осы мәселені тездетіп шешу үшін 7 миллион

теңге талап етті.

Зейнеткер әйел 2 миллион теңге ғана бар деп, үйдің ауласына келген «курьерге» ақшаны бере салған. Ал есін жигасын қызына хабарласқан. Қызы аман-

белгіленбеген жолмен өтіп кеттім. Ал мені соғып кетпес үшін жүргізуші әйел көлігімен апатқа ұшырады. Ол қатты жараланды. Қазір ауруханада, әйелді емдеуге 5 миллион теңге қажет», – деді ол.

Зейнеткер оны өзінің қызы деп ойлап қалған.

«Мен абдырап қалдым. Артында әңгімеге өзін тергеушімін деп таныстырған азамат қосылды. Дауысы сенімді болды. Оқиғаға қызымның кінәлі екенін айтып, жағдайды қылмыстық іске жеткізбеу үшін келісу актісін жазу керектігін жеткізді. «Қанша ақша бар?» деп сұрады. Мен 835 мың теңге бар деп жауап бердім. Ол ақшаны емделуге жинағанмын. Әлгі адам «Ақшаны жүргізушіге берсін деді», – дейді зейнеткер.

Ол денсаулығына байланысты пәтерден шыға алмайтынын ескерткен.

«Содан кейін маған ақшаны сөмкеге салып, балкон астында тұрған адамға лақтыруға кеңес берді. Мен балконға шықтым, төменде қара көзілдірік, қара қалпақ киген жігітті көрдім. Мен оған сөмкені лақтырып жібердім», – дейді Галина Иванова.

– Жастар мен еріктілердің атынан өңірімізде белең алған алаяқтық фактілерінен сақ болуға шақырамын. «Қазіргі уақытта туысқандарыңыз полицияға түсті, оны босату үшін қомақты қаржы беруді талап етеді» деген хабарлама көп. Олар ақшаны алып кету үшін, жоғары оқу орынының студенттерін, оқушыларды жалдауы мүмкін. Сондықтан да, қала тұрғындарынан алаяқтардың арандатушылығына бармай, сақ болуларын сұраймын, – деді киберерікті Алексей Васильков.

Сонымен қатар, әлеуметтік желіде жарнама беріп, «керекті

Еске алу

Бұрынғы Фрунзе, қазіргі Қасым Аманжолов ауылының тумасы, бала күнімізден тай құлындай тебісіп өскен досымыз, сыныптамыз Тұяқхан ТҮШКЕНҰЛЫ кенеттен өмірден озып, қабырғамызды қайыстырды. Жан досымызды өлең жолдары арқылы қайғыра еске аламыз.



Тұяқхан дос, бірге ойнаған, бірге өскен,
Бала күннен сыр алысып,
Тілдерден.

Адал едің достыққа да, туғанға
Отбасым деп, жақным деп күн кешкен.

Сол бір күндер естелік боп қала ма?
Еріксіз жас оралады жанарға.
Қарашада келіп едің өмірге,
Қарашада кеттің мәңгі сапарға.

Ақылшы дос, отырыстың сәні едің,
Көрдің солай денсаулықтың әлегін.
Бала күнде шығушы едік тауға біз,
Ал сен өзің таудан биік жан едің.

Енді сенсіз түгел болмас көзіміз,
Бұрынғыдай бола қоймас сөзіміз.
Қанатынан Қарлығашың айырылып,
Қанат қағу қиын енді өзіңсіз.

Досымыздың адал жары, қабақ аш,
Түсінеміз сырлас едің, тағдырлас.
Балаларың қанатыңды қатайтып,
Немерелер қуантады, Қарлығаш.

Қызың Жұлдыз үйіндегі гүл-бағың
Ернар, Ернұр жалғасын ғой ұлдарың,
Сағынышпен еске аламыз, жан досым,
Аман болсын деп тіледік ұрпағың.

Сағынышпен еске алушы: **сыныптастары, достары.**

т/б

Бөкетов Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері түлектері бакалаврият пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-жәкікерлік және цифрлық экономика», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (информатика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару» (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокуратура қызметі», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жалыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл.лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрілігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz

№647

затпен қарық қыламын» деп, алдап кетушілер де жетерлік. Мысалы, бір алаяқ қарағандылық тұрғындардан 86 млн. теңгеге жуық қаражатты иемденіп, бәстен ұтылып қалған.

Қысқаша оқиға былай өрбіген... Қарағанды облыстық полиция департаментіне қала тұрғынынан арыз түскен. Жәбірленуші жеке кәсіппен айналысып, компьютер құралдары үшін тиімді бағаға тендер болып жатқаны жайында жарнамадан білген. Бұндай ақпаратты өзін «кәсіпкермін» деп таныстырған азамат бірнеше жерде жариялаған. Сондықтан, оның ұсынысы жәбірленушіні де қызықтырған. Алайда, тендерге қатысу үшін сатып алушы хабарлама берген адамның есеп-шотына ақша аудару қажет болған. Жәбірленуші көрсетілген есеп-шотқа 41 миллион 500 мың теңге ақша аударған. Ақшаны алғаннан кейін, серіктес байланысқа шықпай, барлық байланыс нөмірлерін өшіріп тастаған. Алданғанын түсінген, жәбірленуші бірден полицияға хабарласқан.

– Жедел іздетіру іс-шаралары барысында полиция қызметкерлері күдікті алаяқтық жеке басын анықтады. Ол 23 жастағы Қарағандыдағы мекемелердің бірінің заңгері екені белгілі болды. Ол жәбірленушіні алдағаны туралы толық мойындау көрсетпегендіктен берді. Жәбірленушіден алған қаражатты күдікті букмекерлік кеңсеге салып жіберген, – дейді Қарағанды облыстық полиция департаментінің бастығы Санжар Әділов.

Иә, алаяқтардың арбауы да алдауы өзгермейді. Анқау адам барда олардың тыйылуы да қиын. Арзанға немесе алдауға сеніп, арандап қалмау өз қолымызда. Ол үшін сақ болуымыз керек. Шынында, құрығы ұзын алаяқ, алдап кетуі оңай-ақ...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

